

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**
**«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған
музыкалық мектеп-интернат» Кешені» ММ**

Бекітемін
«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат»
Кешені» ММ-нің басшысы
С.К. Сыздықов
2018 ж. «19» 09



**«Музыкалық білім беру»
білім беру бағдарламасының
сапасын қамтамасыз ету
саясаты**

Павлодар 2018

«Музыкалық колледж - дарынды балаларға арналған музыкалық мектеп-интернат» Кешені ММ жана білім беру және ақпараттық технологияларға бағытталған, заманауи материалдық-техникалық ресурстармен, рухани және ғылыми мұрасы бай жоғары білікті кадрлары бар, қарқынды дамып келе жатқан оқу орны.

«Музыкалық білім беру» білім беру сапасын қамтамасыз ету саясаты

Кешениң сапаны қамтамасыз ету саясатына, сондай-ақ Кешенниң

Бағдарына, Стратегиялық мақсаттар мен Миссияларына сәйкес келеді

Білім беру бағдарламасының бағдары

Бәсекеге қабілетті кадрларды даярлаумен барлық санаттағы тұтынушыларды барынша қанағаттандыруға бағдарлау.

Білім беру бағдарламасының стратегиялық мақсаты

Білім беру үдерісінің басым бағыты ретінде тәрбие жұмысының тәсілдері мен формаларын жетілдіру, дәстүрлерді сактау және дамыту, білім берудің жаңартылған мазмұны жағдайында көпмәдениетті тұлғаны қалыптастыру, еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес түлектерге жұмысқа орналасуға жәрдемдесу.

Білім беру бағдарламасының миссиясы

Білім беру бағдарламасы түлектерінің бәсекеге қабілеттілігін және Кешенниң тұрақты дамуын қамтамасыз ететін музыкалық және кәсіпқілік білім беру саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру.

Құндышықтар

Білім

Руханият

Кәсіпқойлық

Бәсекеге қабілеттілік

Патриотизм

Академиялық адалдық

Иновациялылық

Креативтілік

Сапаны қамтамасыз ету қағидалары

1. Білім беру бағдарламасы сапасын қамтамасыз етілуінің дамытуда өз оқытушыларының кәсібілігіне, диалогқа және өзара білім алмасуға негізделеді. Сапаны қамтамасыз ету білім беру саласындағы барлық шеңбер аясында жүйелі және тұрақты сапаны дамытуды қолдайды.

2. Сапаны табысты жүйелі қамтамасыз ету үшін саясатты түсіндіру, нақты міндеттерді енгізу, міндеттерді айқын бөле отырып барлық деңгейдегі үрдіске қатысушыларға тиісті рәсімдер мен ережелерді ілгері бастыру үрдісі жүзеге асырылады.

3. Сапа жүйесі білім беру бағдарламасы қызметінің оқу, концерттік, ғылыми – зерттеу, әдістемелік - барлық бағыттарын қамтиды. Сапа жүйесі мобиЛЬДІ, оқытушылар, студенттер, ата-аналар үшін ашық.

4. Білім беру бағдарламасының кадрлық құрамы, оқу-материалдық базасы, оқу-әдістемелік тәжірибе, педагогикалық және тәрбие жұмысының дәстүрлері саясатты жүзеге асырудың ресурстары болып табылады.

«Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасының сапасын қамтамасыз ету саясатының негізгі бағыттары

1. Бәсекеге қабілетті білім беру бағдарламасын және оның қатысушыларын қатамасыз ету, кәсіби дағдылар спектрінің кеңейіомен түлектің жеке үлгісін қалыптастыру.

2. Еңбек нарығының сұранысын есепке ала отырып, білім алушының кәсіби дағды спектрін кеңейту: аспаптарда орындаушы, ұжым жетекшісі, музика ұстазы білім берудің үлкен сатысын қамту арқылы іске асады: мектепке дейінгі, бастауыш, орта білім беру.

3. Мазмұны сапалы ұйымдастыру мен педагогикалық үдерісті басқаруды білуді қалыптастыруға, білім алушылардың шығармашылық қызмет тәсілдерін белсенді меңгеруге, музыкалық қабілеттерін дамыту мүмкіндіктерін қамтамасыз етуге, әртүрлі педагогикалық технологияларды қолдануға, білім алушылардың өздігінен білім алып, өзін-өзі жетілдіруге арналған қолайлы жағдайлар жасауға бағытталған, мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарға сәйкес сапалы білім және кәсіби музыкалық даярлық алу.

4. Оқытудың инновациялық музыкалық-педагогикалық әдістері мен құралдарын, оку үдерісінде ақпараттық-компьютерлік технологияларды белсенді қолданатын білім беру бағдарламасы болу.

5. «Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасы еңбек нарығында әлеуметтік мобилділігіне және тұрақтытылығына көмектесетін, әлеуметтік және тұлғалық сапалары шенберінде білім мен біліктіктері бар, орта топ мамандарына жататын музыкалық білім беру саласындағы білікті мамандарды қамтамасыз етеді.

6. Әртүрлі түр мен деңгейдегі білім беру мекемелерімен, білім беру қызметінің жұмыс берушілерімен және басқа да тұтынушылармен өзара тиімді қатынастар орнату арқылы білім беру қызметі нарығында жалпы сенімді серіктес ретінде «Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасының имиджін нығайту.

7. Музыкалық білім беру ұйымдары қолданатын заманауи педагогикалық технологияларды, инновацияларды менгерумен байланысты педагогикалық жұмысшылардың біліктіліктерін арттыру, облыс және оның сыртында музыкалық білім беру саласындағы тәжірибелі қорытындылау және тарату.

8. «Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасының әртүрлі бағыттар мен жанрлардағы музыканы әйгілеуге, орындаушылық шеберлік деңгейін арттыруға бағытталған белсенді концерттік-орындаушылық, конкурстық қызметі.

9. Студенттер мен қызметшілердің бойына белсенді азаматтық ұстанымды, адамгершілік құндылықтарды, өмір бойы үздіксіз кәсіби білімнің керек екендігін ұғындырып тәрбиелеу.

10. Білім берудің республикалық және халықаралық деңгейіне шығуға, өз жұмыс қағидаларын, қазақ музыкалық білім беруді танытуға және алға жылжытуға көмектесетін, ауқымды инновациялық жобаларға қатысу.

«Музыкалық білім беру» білім беру бағдарламасы келесі міндеттемелерді орындауды мойынына алады:

- осы саясатты барлық оқытушылары мен студенттері назарына жеткізу және оны білім беру үрдісінің барлық қатысушыларының түсінуін қамтамасыз ету;
- білім беру үрдісіне қатысушылардың осы саясатты және оның негізгі бағыттарын жүзеге асыру үшін оңтайлы жағдайларды қамтамасыз ету;
- саясат пен мақсаттарға олардың өзектілігі түрғысынан талдау жүргізу;
- оқытушыларды құзыреттілігін үздіксіз арттыру, мотивация, шығармашылық бастаманы қолдау, корпоративтік мәдениетті дамыту арқылы сапа менеджменті жүйесін жақсарту жөніндегі қызметке тартуды қамтамасыз ету;
- білім беру сапасын жетілдіруге бағытталған барлық мұдделі тараптардың қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша өз мүмкіндіктерін және қол жеткізілген нәтижелерді тұрақты талдауды жүзеге асыру.

«Музыкалық білім беру» бөлімінің отырысында қаралды
2018 ж. 19.09. № 2 Хаттама